



ЕМХАНАДА КЕЗЕК НЕГЕ КӨП?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



БЮДЖЕТ СҮЛІГІ МЕ?

6-БЕТ | САРАПТАМА

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Әділетті әрі қауіпсіз Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіп үстемдігін түбегейлі орнықтыру қажет. Бұл – барша азаматтың құқығы мен бостандығын қорғаудың мызғымас тірегі. Қоғамның құқықтық мәдениетін арттырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру – ауқымы кең, маңызды міндет. Біз «Заң және тәртіп» қағидатын жаппай дәріптеп, ата-бабамыздың бірегей құқықтық мұраларын – Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәукенің Жеті жарғысын кеңінен насихаттауымыз керек. Бұл – халқымыздың құқықтық санасын қалыптастыратын маңызды фактор.

№73
(4817)
Сейсенбі
24 маусым
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БІРІККЕН ЖОБАЛАР БОЛАШАҒЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қытайлық серіктестермен бірнеше стратегиялық келісімге қол қойылғанын баяндады. Бұл туралы Үкіметтің Telegram-арнасы хабарлады.

Келісімдердің қатарында осы күзде LRT-ны сынақ режимінде іске қосу, құны \$150 млн болатын логистикалық парк құрылысы, Huawei компаниясының 10G желісін енгізу және құны \$1,3 млрд-ты құрайтын су құбырының құрылысы бар.

«LRT құрылыс жобасы бойынша пайдалануға беру, күтіп ұстау жөніндегі меморандумға қол қойылды. Біз нысанды осы күзде, яғни қыркүйек айында сынақ режимінде іске қосуды жоспарлап отырмыз. Қазіргі таңда аталған сала бойынша 150-ге жуық Қазақстан азаматы Қытайда кәсіби білімін жетілдіріп, тағылымдамадан өтуде. Меморандум қытайлық серіктестермен бірлесіп, жеңіл рельсті көлік жүйесін пайдалануды көздейді» деп мәлімдеді әкім.

Сондай-ақ \$60 млн-ға Soho Holding қонақүй кешенін және Shenzhen Energy \$230 млн-ға қоқыс өртеу зауытын салу бойынша құжаттарға қол қойылды.



Astana IT University қабырғасында жасанды интеллект бойынша халықаралық жазғы мектеп басталды.

Бұл – заманауи технологияларды және ғылыми дағдыны дамытуға арналған бес күндік оқыту курсы. Биыл екінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Жоба еліміздің жасанды зият саласындағы әлеуетін арттырып, отандық мамандар мен әлемдік сарапшылар арасында терең байланыс орнатуға мүмкіндік бермек. Бағдарлама аясында Қазақстан, Еуропа, АҚШ және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен келген 30-дан астам сарапшы тәжірибе алмасады. Курс соңында қатысушыларға арнайы сертификат табысталады.

ШАҒЫН КӘСІП ШАҒАРДЫ ТҮЛЕТЕДІ



Бүгінгі таңда елордада 254 мың шағын және орта бизнес субъектісі бар. Бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 8,3 пайызға артық. Аталған салада 528 мың адам жұмыс істеп, өз нәсібін тауып отыр. Бұл көрсеткіш қаладағы еңбек етуге қабілетті тұрғындардың 73 пайызын құрайды. Отандық өндірісті дамытуға айрықша үлес қосып жатқан кәсіпорындарда мыңдаған адам жұмыспен қамтылған.

ЖЫЛ СОҒЫНА ДЕЙІН - 7 МЕКТЕП

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында елордада заманауи оқу орындары бой көтеріп, оқушыларға қолайлы әрі қауіпсіз білім беру ортасы құрылуда. Бұл туралы Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Нариман Еламанов мәлімдеді.

Нариман Еламановтың айтуынша, 2024 жылы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Астанада 30600 оқушыға арналған 16 «Келешек мектептің» құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген. Бұл 6 үш ауысымды мектептегі мәселені шешуге және бала саны шамадан тыс 9 мектептің жүктемесін азайтуға мүмкіндік берді. Жыл соңына дейін елордада тағы 14 мың орынға арналған 7 келешек мектептің құрылысы аяқталып, жаңа оқу жылында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Жаңа мектептер оқушыға бағдарланған, инклюзивті

және қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған. «Келешек мектептері» оқушылардың жас ерекшелігіне қарай бөлінген, қауіпсіз және жайлы ортада білім алуға толық мүмкіндік береді. Барлық мектеп бейнебақылау және кіріп-шығу басқару жүйесімен жабдықталған, бастауыш және жоғары сыныптарға арналған бөлек блоктармен жобаланған, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған пандустар, лифтілер, арнайы санитарлық бөлмелер, аутизм спектріндегі балаларға арналған жеке кабинеттер мен ресурстық сыныптар қарастырылған.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 601.01 \$ USD/KZT 521.57 ₸ RUB/KZT 6.65 ¥ CNY/KZT 72.64

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

Құрметті құқық қорғау жүйесінің қызметкерлері мен ардагерлері! Қадірлі алқа мәжілісіне қатысушылар!

Бүгін елімізде – Полиция күні және Мемлекеттік қызметші күні аталып өтуде. Сондықтан, алдымен, еліміздегі полиция қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мейрамдарымен құттықтаймын.

Мемлекетке қызмет ету – ең құрметті әрі аса жауапты міндет. Сіздер заң мен тәртіпті сақтауға және азаматтардың құқығын қорғауға зор үлес қосып жүрсіздер. Қазір дүние жүзі алмағайып, бұлыңғыр, яғни өте күрделі кезеңді бастан өткеруде. Осындай құбылмалы уақытта қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету – айрықша маңызды міндет. Сол себепті бүгін біз алғаш рет осындай құраммен жиналып отырмыз. Құқық қорғау жүйесіндегі барлық жауапты құрылымдар жұмыла жұмыс істеуі қажет.

Елімізде «Заң мен тәртіптің» қатаң сақталуына қоғам өкілдерінің қосар үлесі де орасан зор. Қазір осы жиынға орталық және жергілікті атқарушы орган басшылары, депутаттар, сарапшылар және белсенді азаматтар қатысып отыр. Күштік құрылымдардың жаңғырту ісінде жаңа буынның атқаратын рөлі ерекше. Сол себепті бүгінгі басқосуға академиктардың курсанттары да арнайы шақырылды.

Трансфүттық қылмыстық топтармен күресу үшін халықаралық ынтымақтастықты дамыту өте маңызды. Осы жерде бүгін шетелдік полиция атташелері отыр. Құқық қорғау органдарымен жүргізіп жатқан халықаралық ынтымақтастық жұмысы үшін Сіздерге ерекше ризашылығымды білдіремін.

Соңғы жылдары елімізде барлық салада ауқымды реформалар жасалып жатыр. Мемлекеттің саяси жүйесі мен экономикалық құрылымы түбегейлі жаңғыруда. Ел ішінде жоғары құқықтық мәдениет қалыптасып келеді. Азаматтық жауапкершілік идеологиясы берік орныға бастады. Бұл – біздің стратегиялық бағдарымызға тән аса маңызды басымдық. Мемлекет құдық қорғау жүйесін жетілдіруге және барлық салада заң мен тәртіп орнатуға баса мән береді. Осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткіздік.

2019 жылдан бері қылмыстық құқық бұзушылық саны шамамен екі есе азайды. Соның ішінде қарақшылық, тонау, ұрлық пен бұзақылық деңгейі 4 есе төмендеді, ал кісі өлтіруге қатысты қылмыстар 30 пайызға кеміді. Қоғамдық орындардағы қылмыс саны 80 пайызға азайды. Бұл – азаматтарымыз көшеде ештеңеден қауіптенбей, алаңсыз жүре алады деген сөз.

Келесі маңызды міндеттің бірі – отбасылық зорлық-зомбылықпен күрес және әйелдер мен балаларды қорғау. Осы бағытта заңнамалық, институционалдық тұрғыдан батыл қадамдар жасалуда. Отбасылық зорлық-зомбылық жасағаны үшін берілетін жаза едәуір күшейтілді. Бір жыл бұрын тиісті заң қабылданды. Заңға енгізілген түзетулер мен басқа да шаралар нақты нәтиже бере бастады. Орташа және ауыр деңгейдегі отбасылық-тұрмыстық қылмыс саны жыл басынан бері 30 пайызға төмендеді.

Жалпы, соңғы 5 жылда әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтар екі есе азайды. Ең бастысы, қазір қоғамдық сана түбегейлі өзгеріп жатыр. Азаматтарымыздың бойында отбасындағы қатыгездік пен озбырлыққа мүлдем төзбеушілік қасиеті қалыптасуда.

Зардап шеккендерге қол ұшын беретін, ал құқық бұзушыларды жазғыратын қайырымды қоғам орнығып келеді. Елімізде «Қазақстан балалары» атты арнайы бағдарлама әзірленіп жатыр. Құжатта өскелең ұрпақтың мүддесін қорғауға арналған маңызды тетіктер ұсынылмақ.



МЕМЛЕКЕТКЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ЕҢ ҚҰРМЕТТІ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде сөйлеген сөзі

Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы кешенді жұмыс атқарылуда. Биылдың өзінде 83 есірткі зертханасы жойылып, айналымынан алынған есірткі заттарының көлемі 84 пайызға ұлғайды. Есірткі өндіргені үшін берілетін жаза қатаңдатылды. Тіпті өмір бойы бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Бірақ бұл саладағы жұмыс әлі де толығымен біткен жоқ, түйткілдер жеткілікті, шешілмеген мәселелер еліміздің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына сын-қатер төндіруде. Бүкіл қоғамды алаңдаташп отырған ең қауіпті үрдіс: жастар нашақорлыққа үйір бола бастады. Бұл – үлкен қатер, оны жасырмауымыз керек.

Әділетті әрі қауіпсіз Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіп үстемдігін түбегейлі орнықтыру керек. Бұл – барша азаматтың мүддесін, құқығы мен бостандығын қорғаудың мызғымас тірегі. Қоғамның құқықтық мәдениетін арттырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру қажет. Бұл – ауқымы кең маңызды міндет. Енді осы жұмыстың негізгі басымдықтарына тоқталайын.

Біріншіден. Біз «Заң және тәртіп» қағидатын жаппай дәріптеуіміз керек. Қазақ халқы қала заманда да заңға бас иген, дала заңын сақтаған халық. Бұл – біздің қанымызға сіңген қасиет. Түрік қағанаты, Алтын Орда мен Қазақ хандығы мықты мемлекеттік құрылымы, бірегей құқықтық жүйесі бар қуатты ел болғаны барімізге аян. Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын, Әз Тәукенің Жеті жарғысын Ұлы даланың конституциясы деуге болады. Атадан балаға жалғасқан бұл заңдар мемлекеттілік дәстүрін нығайта отырып, қоғамдық дамуға ерекше ықпал еткен. Ұлы далада еркіндік пен әділдік, ар-намыс пен адамгершілік, тілеулеттік пен жауапкершілік бәрінен биік тұрған.

Сондықтан «Заң және тәртіп» қағидаты ұлтымыздың рухы мен дүниетанымына толық сай келеді. Біз ата-бабамыздың бірегей құқықтық мұраларын мұқият зерделеп, жан-жақты насихаттауымыз керек. Бұл – халқымыздың құқықтық сана-сезімін арттыратын маңызды фактордың бірі.

Заң – қысым көрсетуге немесе қудалауға арналған құрал емес. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Біз осы ақиқатты терең түсінетін азаматтық және мәдени орта қалыптастыруымыз қажет. Тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну әркімнің өмір салтына айналуға тиіс. Мемлекеттік

аппарат пен бүкіл қоғам жұмылып жұмыс істесе, еліміз көздеген мақсатына жетеді. Озық ойлы ұлт болу үшін әдептілік, өзара құрмет, ұстамдылық, сыпайылық сияқты қасиеттерді барынша дәріптеген жөн. Азаматтарымыз әдеп пен заңды мәжбүрлікпен емес, саналы түрде сақтауы керек.

Заң мен тәртіп басты құндылыққа айналса, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, есірткі саудасы, лудомания сияқты қатерлердің тамырына балта шабылады. Біз былтыр Ұлттық құрылтайда осы әлеуметтік кеселдермен ымырасыз күрес мәселесін талқыладық.

Өскелең ұрпақтың бойына жасампаздық қасиеттерді сіңіріп, оларды тәртіпке баулу қажет. Бұл – ата-аналар мен білім беру жүйесінің ортақ міндеті. Балалар қоғамдық құндылықтардың мән-мағынасын ұстазынан үйренеді. Олардың мінез-құлқы негізінен мектеп қабырғасында қалыптасады. Сондықтан Үкімет білім мекемелеріндегі тәрбие жұмысын қайта зерделеп қарауы керек. Жас ұрпақты заңды сыйлауға үйрету мәселесіне баса мән берген жөн. Балалар мектептен «Адал азамат» болып шығуы қажет.

Екінші. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Қылмыс оған қолайлы жағдай жасаған жерде өршиді. Қылмыстың және заңға қайшы әрекеттердің салдарымен ғана күресуге болмайды. Қылмысқа түрткі болатын себептерді алдын ала анықтап, жойып отыру қажет.

Менің тапсырмаммен «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» заң жобасы әзірленіп, Мәжілістің қарауына берілді. Жаңа заң аталған саладағы мемлекеттік саясатты біріздендіріп, профилактикалық шаралармен қамтылатын тұлғалардың санатын кеңейтеді. Мұндай заң сөзсіз керек. Сондықтан мейлінше тез қабылдау қажет. Парламент депутаттарынан заң жобасын жылдың соңына дейін қарап, қабылдауды сұраймын.

Заңнамалық өзгерістермен қатар, ұйымдық құрылымды да жаңғырту қажет. Ішкі істер министрлігі жүйесінде профилактикалық жұмыстарды үйлестіретін дербес бөлімше құратын уақыт келді.

Құқық қорғау органдарының тиімділігін бағалау жүйесіне де өзгеріс қажет. Онда құқық бұзушылықты ескерту бағытындағы жұмыс нәтижесі есепке алынуға тиіс. Қылмысқа көбінесе тұрмысы нашар отбасыдан шыққан адамдар барады. Алдын

алу шараларын жүзеге асырғанда дәл осы санатқа айрықша назар аударған жөн. Бұл ретте әлеуметтік қорғау органдары мен жергілікті билік маңызды рөл атқарады.

Көптеген құқық бұзушылық ұқсас жағдайда, бірдей факторлардың әсерінен орын алады. Тиісті деңгейде талдау жасалса, оны дер кезінде ауыздықтауға болады. Басқаша айтқанда, қылмыс қауіпін болжау және оған қарсы іс-қимыл жүйесін қайта қарау керек. Ол үшін Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің әлеуетін толық пайдаланған жөн. Аталған ведомство жай ғана есеп сақтайтын орын емес, қоғамдық қауіпсіздік саласындағы қауіп-қатерді анықтайтын және ескертумен айналысатын орталық болуға тиіс.

Бұдан бөлек, «Қауіпсіз қала» ұлттық платформасын іске қосу керек. Бұл – қаладағы бейнебақылау құралдары енді адамның бет-жүзін анықтап, оның жүріс-тұрысына талдау жасап, көшедегі көлікті де есепке алады деген сөз. Мұндай озық технологиялар түрлі заңсыздықтың алдын алуға мүмкіндік береді, сол арқылы қоғамдық тәртіпті нығайта түседі.

Интернет және телефон алаяқтығының алдын алу мәселесіне арнайы тоқталып келеді. Қылмыстың бұл түрі бүкіл әлемде белең алды. Көбіне мұндай іске тыңғылықты ұйымдасқан қылмыстық топтар барады. Олар шетелден әрекет ететіндіктен, тергеу амалдарын қиындатады. Сондықтан бұл ретте алдын алу шараларының мәні зор.

Өткен жылы Ұлттық банк жанынан заманауи антифрод-орталық ашылды. Олар күмән тудырған операцияларды анықтап, бұғаттап отырады.

Сонымен қатар өздеріне тиесілі инфрақұрылымды пайдалана отырып жасалған алаяқтық үшін банктер мен ұялы байланыс операторларына да жауапкершілік белгілеп жатырмыз.

Азаматтарымыздың жеке мәліметтерінің сенімді жерде сақталуын қамтамасыз ету өте маңызды. Халықтың қаржылық сауатын арттырып, қоғамда алаяқтардың әрекеттеріне иммунитет қалыптастыру үшін барлық деңгейдегі депутаттармен бірлескен жұмысты күшейткен жөн.

Алаяқтар ақшаны жылыстатын немесе сыртқа шығаратын китүрқы айдаларына адамдарды алдап түсіреді. Бұл да үлкен проблемаға айналды. Азаматтарымыз пайдаға кенелеміз деп оларға банк есепшоттарын беріп қояды. Бірақ бұл әрекеттерінің

салдары қандай ауыр болатынын ойлай бермейді. Соңғы бір жарым жылда 50 мыңнан астам адам осындай жағдайға душар болды. Өкінішке қарай, олардың басым бөлігі – жастар. Бұл мәселеге қатысты шұғыл шара қабылдау керек. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банктермен бірге осындай шоттарды алдын ала анықтап, бұғаттайтын тиімді жүйені жолға қойғаны жөн.

Аталған мәселенің бір ұшы бақылаусыз сим-карта айналымына келіп тіреледі. Тек биылдың өзінде сим-карталарды басқа біреудің атына рәсімдеген 100 мыңға жуық факті анықталды. Нөмірлерді түрлі қылмыстық мақсатқа пайдаланады. Үкіметке уәкілетті органдармен бірлесе сим-карталарды сату тәртібін реттеуді және оларды таратқаны үшін мобильді операторлардың жауапкершілігін күшейтуді тапсырамын.

Үшінші. Қылмыстық-атқару жүйесін ізгілендіру, жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Осыдан үш жыл бұрын елімізде жалпыұлттық референдум өтті. Азаматтарымыздың көпшілігі Ата заңға түзету енгізуді қолдап дауыс берді. Реформаның нәтижесінде еліміздің саяси құрылымы түбегейлі жаңғырды. Адам құқықтарын қорғау жүйесінде ауқымды өзгерістер жасалды. Конституциялық сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге конституциялық мәртебе берілді. Оның құзыреті кеңейді. Өлім жазасы біржола алынып тасталды. Мұның бәрі – Конституциямызға тән ізгілік рухының көрінісі. Себебі Ата заңымызға сәйкес адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары – ең қымбат қазына.

Биыл Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толады. Осыған орай, құқық қорғау құрылымдары, депутаттар мен құқық қорғаушылар сотталған азаматтарға рақымшылық жасау туралы бастама көтерді. Парламент тиісті заңды қарады, мен бұл заңға қол қойдым. Осы ізгі шараның арқасында жазасын өтеп жатқан 15 мыңнан астам адамға амнистия жарияланды. Соның екі мыңнан астамы бостандыққа шығады. Қалғандарының жаза мерзімі қысқарады. Онша ауыр емес және ауырлық орташа қылмыс жасағандар ғана рақымшылыққа ілінеді. Ең алдымен, әлеуметтік жағынан осал топқа жататын адамдарға, яғни баласы бар әйелдерге, егде адамдарға, көмелет жасына толмағандарға және осы санаттағы басқа да азамат-

тарға кешірім беріледі. Мұны жаза басқан жандарға жасалған нақты көмек, олардың қоғамға қайта оралуына жағдай жасау деп түсіну қажет. Әл-Фарабидің сөзімен айтсақ, бұл – шын мәнінде қайырымды елге тән сипат.

Мемлекет шалыс қадам басқан азаматтан теріс айнамайды, тек оның тура, дұрыс жолға түсуіне жәрдем береді. Өйткені әділетті елдің соты әділ, ниеті түзу болуға тиіс. Бірақ рақымшылық жасау дегеніміз барлық мәселенің шешімі емес, бір реттік қана шара екенін түсінген жөн. Сондықтан осы бағытта нақты нәтиже болу үшін қылмыстық атқару жүйесін барынша жетілдіру қажет. Негізгі мақсат сотталған адамды қоғамнан алшақтату емес. Тиісті тәрбие жұмысын жүргізу өте маңызды. Олардың бойына заң мен тәртіп құндылығын сіңіретін және қалыпты өмірге оралуына ықпал ететін озық тәсілдерді енгізу керек. Мәселен, кейбір елде жазасын өтеушілер «қамау мерзімін қысқартуға» мүмкіндік беретін шараларды қолдана алады. Абақтыда ескерту алмаған, жаңа білім игерген, спорттық-мәдени шараларға қатысқан адамдарға осындай жеңілдік беріледі. Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, осы мәселені мұқият пысықтауы қажет. Шетелдің озық тәжірибесін зерттеген жөн. Бұл жұмысқа отандық сарапшыларды да тарту қажет.

Төртінші. Құқық қорғау органдарының жұмысына сервистік модель қағидаттарын кеңінен енгізіп, кадрлық әлеуетін күшейту қажет.

Полиция мен басқа да құрылымдар билік және қоғам арасын байланыстыратын алтын көпір болуға тиіс. Ол үшін «Мемлекет пен азамат – біртұтас» деген іргелі қағидатымызға толық сай келетін халықтың қарым-қатынастың жаңа мәдениетін қалыптастыру керек. Бұл бағытта ілгерілеу бар. Бірақ қабылданған шаралар әлі тиімділігін көрсетпеді, өйткені бірізділік жоқ. Халықпен тікелей жұмыс істеуге кедергі келтіретін басы артық бюрократиядан арылу керек.

Реформалардың шынайылығына, әділдікке және мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне азаматтардың сенімі көбіне құдық қорғау органдарының кәсіби деңгейіне байланысты.

Учаскелік инспекторлардың әлеуетін одан әрі нығайту қажет. Себебі олар іс жүзінде мемлекет мен қоғам арасындағы басты дәнекер саналады. Әсіресе, бұл ауылдық жерде анық байқалады. Өйткені жергілікті тұрғындар үшін учаскелік инспектор қорғаушы, құқықтық кеңесші, тіпті, әділдік сұрап жүгінетін соңғы инстанция. Менің ойымша, ауылдағы учаскелік инспекторларға шен берген кезде жеңілдік жасап, яғни бір жылдық еңбек өтілін 1,5 жыл деп есептеу қажет. Ауылдағы учаскелік инспекторларды бостандықпен қамтып, материалдық-техникалық базасын нығайту керек. Өңір әкімдері осы мәселеге мұқият назар аударғаны дұрыс.

Учаскелік полицияны жаңғыртумен қатар патрульдік бекеттер қызметінің жұмысын қайта қарау қажет. Патруль қызметкерлері азаматтармен жұмыс барысында әдеп сақтап, кәсібилік танытқаны жөн. Өз кезегінде азаматтар да полицияның заңды талабына бағынуға міндетті. Әйтпесе көшеде тәртіп болмайды.

Сондықтан менің тапсырмам бойынша Президент Әкімшілігі мен Қауіпсіздік Кеңесі бір аптаның ішінде Құқық қорғау органдарының жұмысы туралы арнайы талдау дайындауы керек. Барлық түйткілдерді ашық түрде көрсетеді, мәселелерді шешу жолдарын ұсынады. Бұл – өте маңызды жұмыс, оны жалғастыру қажет. Түптеп келгенде, біздің басты бағдарымыз – аяқын. Бұл – заң мен тәртіп қағидаты. Қызметтеріңізге табыс тілеймін!

АЛМАТЫ ТӘЖІРИБЕСІМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары жұмыс сапарымен Алматы қаласына барды. Елорда мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабденнің айтуынша, сапардың негізгі мақсаты – тәжірибе алмасу және бұрынғы астанада маңызды мәселелердің қалай шешімін тауып жатқанымен танысу.



Сапар барысында медицина мен туризм, мектеп қауіпсіздігі мен қаланы абаттандыру жайы таныстырылды. Елорда мәслихатының депутаттары жедел медициналық жәрдем станциясына барып, бригадалардың жұмыс барысын, көліктердің жабдықталуын, шақыртуларға қандай стандарттармен шығатынын көрді. Астанадағы жедел жәрдем қызметін жетілдіру үшін бірқатар тиімді тәжірибе назарға алынды. «Алматы паркинг» ұйымының қызметімен танысу барысында ақылы

автотұрақтардың қалай ұйымдастырылғанын, цифрлық шешімдердің қалай жұмыс істейтінін және қала тұрғындары мен қонақтарының қолайлығы үшін қандай шаралар қолға алынғанын көрді.

«Аюсай» визит-орталығында экотуризмді дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, табиғат аясында демалу үшін жасалып жатқан инфрақұрылым мен бағыттар жөнінде ақпарат алды. Әуезов ауданындағы орталықта түрлі жастағы

тұрғындарға арналған үйірмелер, оқыту курстары және кездесулер өтетін кеңістіктер ұсынылды. Сайран көлінің маңында жүріп жатқан қайта жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қала абаттандыруына және жайлы демалыс орындарын қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтті.

№122 мектепке барған кезде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған технологиялық шешімдер көрсетілді. Бұл – бейнебақылау камералары, кіру-руқсат жүйелері, дабыл түймелері және басқа да құралдар. Олимпиадалық резервтің №9 спорт мектебінде балаларға арналған секциялар мен үйірмелерді қаржыландыру мәселесі талқыланды. Әлем чемпиондары – гимнасттар Милад Карими мен Нариман Құрбановпен жылы кездесу өтті. Сапар соңында «Алматы бас жоспар» мекемесінде қала дамуының алдағы жоспарлары таныстырылды, жаңа аудандар, жолдар мен тұрғын үй кешендерінің қайда салынатыны айтылды.

«Бұл сапар екі жақ үшін де мазмұнды әрі пайдалы болды деп сеніммен айта аламыз. Алматылық әріптестерімізге тәжірибе алмасу саласындағы бірлескен жұмыстары үшін үлкен алғысымызды білдіреміз» дейді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

JOLTAR ЖОБАСЫНЫҢ ИГІЛІГІ КӨП

Елордада Joltar жобасы жүзеге асуда. Ол астаналықтарға жаңа мамандықтарды меңгертіп қана қоймай, табысын арттыруға, жаңа іс бастауға және табысты карьера құруға көмектеседі. Жобаға қатысқан Мәдина Ақжолтаева өзінің табысқа жету жолы жайлы айтып берді.

Мәдина Астанадағы Д.Қонаев атындағы колледжді «хатшы-референт» мамандығы бойынша бітірген, бірақ мамандығы бойынша жұмыс істемеген. Көп уақытын кассир болып жұмыс істеп өткізіпті. Тұрмыс құрғаннан кейін оның тігіншілікке деген қызығушылығы оянды.

«Енем өзінің тігін машинасын сыйға тартты. Мен қарапайым заттар тігуден бастадым – жастық қабы, жастық, кішігірім көрпе. YouTube желісінен оқыту видеоларын қарадым» деп еске алады Мәдина.

Ауылдан Астанаға көшіп келгеннен кейін хоббиін кәсіпке айналдыру туралы шындап ойлай бастайды. 2025 жылдың басында әпкесі оған Joltar жобасы



туралы түсіндірген. Ал өзі осыған дейін бухгалтерлік курсқа қатысып, Мәдинаға да байқап көруді кеңес еткен.

«Тігінші» мамандығы бойынша курсқа жазылдым. Оқыту 22 күнге созылды – ұстазымыз барлығын оңай тілмен түсіндірді. Осы жағдай менің мамандыққа деген қызығушылығымды арттыра түсті» деп ой бөлісті жоба қатысушысы.

Курсты аяқтаған соң жоба командасы Мәдинаға жұмыс іздеу сайттарына тіркелуге көмектесіп, ұсынымдар берді. Нәтижесінде бірер аптаның ішінде жұмысқа орналасып үлгерді. Қазір астаналық әйел арнайы киім тігетін кәсіпорында тігінші болып жұмыс істейді.

«Үшінші ай жұмыс істеп жүрмін. Осындай мүмкіндік үшін Joltar жобасына алғысым шексіз. Қажетті жабдықтармен қамтамасыз етеді, оқуға және өсуге жағдай жасайды. Расында, көптеген қазақстандық үшін үлкен мүмкіндік» дейді Мәдина.

ҚОЛӨНЕРШІЛЕРДІҢ КЕРУЕН КӨШІ

Бас қалада ұлттық құндылықтар мен креативті индустрияны ұштастырған ерекше жоба – «Ұлы дала қолөнершілер керуен көші» өтті.



Жобаны Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Хас шебер» отандық өнімді дамыту қауымдастығы ұйымдастырды. Оның басты мақсаты – дәстүрлі қазақ қолөнерін заманауи

форматта қайта жаңғыртып, этнодизайнды дамыту және шығармашылық индустрияны қолдау.

Іс-шара аясында этно-өнер көрмесі, жәрменке, сән көрсетілімі, шеберлік

сыныптары мен жастарға арналған дәрістер ұйымдастырылды. Келушілер ұлттық нақышта жасалған эксклюзивті бұйымдарды сатып алып қана қоймай, отандық дизайнерлер ұсынған заманауи этнокиім үлгілерін тамашалады.

15-ке жуық шебер киім-кешек, аяқ киім, сөмке, зергерлік әшекейлер мен тұрмыстық бұйымдарын ұсынды. Жұлдызай Бабасова өз қолымен тоқып жасаған кроссовки, мокасин, шлепки секілді ерекше аяқ киімдерін де көпшілік назарына ұсынды. Тағы бір дизайнер – Әйгерім Усина. Ол киізден ұлттық стильде сәндік бұйымдар мен киімдер жасайды. Айтуынша, қолөнер – шығармашылық пен рухани байланыстың ерекше түрі.

Жоба тек бір реттік шара емес. Ұйымдастырушылардың айтуынша, ол отандық өнімді тұтыну мәдениетін қалыптастыру, креативті жастар мен шеберлер арасындағы ынтымақтастықты күшейту және ұлттық мұраны қазіргі заман талабына сай жаңғырту міндеттерін көздейді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Ұлы дала қолөнершілер керуен көші» еліміздің түкпір-түкпіріндегі дарынды қолөнершілерге серпін беріп, отандық шығармашылық индустрияның дамуына жол ашады.

Елордадағы Жоғары көлік және коммуникация колледжінде оқу жылының қорытындысы бойынша үздік оқушыларды марапаттауға арналған «Жұлдыздар шеруі-2025» атты салтанатты іс-шара өтті.

КОЛЛЕДЖ ҮЗДІКТЕРІ КІМ?

Индира
БЕРЖАНОВА

Іс-шара дарынды жастарды қолдауға, олардың ынтық арттыруға және білімнің маңызын насихаттауға бағытталды. Үздіктердің қатарында оқу орнында білім, өнер, спорт және қоғамдық жұмыстарда ерекше көзге түскен талантты да еңбекқор 65 студент болды.

Жиын барысында сөз алған колледж директоры Берлік Капезов студенттерге ізгі тілегін жеткізіп, биылғы жиын «Жұмысшы мамандықтары жылы» және білім ошағының 80 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылғанын атап өтті.

– Біздің колледжде белсенді білім алушылар көп. Жас да-

рын иелерінің жетістігі оқу орнының абыройын асқақтатып, олардың елімізді алға сүйрейтін буын екенінің жарқын көрінісін айқындайды. Салтанатты жиын жыл сайын дәстүрлі түрде оқу жылының соңында ұйымдастырылып келеді. Біз студенттерге құрмет көрсету арқылы олардың колледж өміріндегі қоғамдық жұмысын бағалап, өзгелерге үлгі еткіміз келеді, – деді колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бота Сайранқоққызы.

Салтанатты марапаттау кешінде колледж өнерпаздары жиын қатысушыларына шағын концерт бағдарламасын ұсынды. Ал үздік студенттер дипломдармен, алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.



ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН ЛАГЕРЬ

Астанадағы №97 мектеп-гимназия жанынан «Атамекен» этнолагері жұмыс істеп тұр. Мұнда оқушылар қолөнермен айналысуды, ұлттық ойындар ойнауды және қазақтың ұлттық тағамдарын дайындауды үйреніп жүр. Лагерь жұмыс істеген уақыт ішінде 5-7-сыныпта оқитын 40-қа жуық оқушы түрлі дағдыны меңгерген.

– Бұл лагерді ұйымдастыру барысында барлық нәрсені егжей-тегжейлі ойластырдық. Балалардың уақытты қызықты әрі пайдалы өткізуі үшін ұстаздарымыз оларға жүн түтудің, киіз басудың жолын үйретуді жөн көрді. Киіз үйде қыздар мұғалімдердің жетекшілігімен бауырсақ, құрт дайындайды. Қолөнер мен тағам әзірлеу кезінде сауқаттардың жұмыс істеуі ұсақ моториканың дамуына оң әсер етеді. Біз бауырсақты қалай дұрыс пісіру, самаурынды қалай қайнату керек екенін көрсетеміз. Ал ептілікті дамыту үшін дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері оқушыларға асық ату, садақ ату, арқан тарту ойындарын үйретеді. Этнолагерге оқушылардың ата-аналары да қызығушылық танытып отыр. Олар балалардың бұл жерде уақытын тиімді өткізіп жатқанын көріп өте

риза. Кейбір әжелер де ерікті түрде ұстаздарға көмектесіп, өз шеберлігін көрсетуде, – деді мектеп-гимназияның тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Айгүл Біржанова мен Гүлжазира Нұржанова.

«Мұнда бәрі ұнайды, өзіме көп дос таптым. Мұғалімдеріміз бізге құрт жасау мен бауырсақ пісіруді үйретеді. Дайын болған соң мұғалімдермен бірге шай ішеміз, әжелеріміздің әңгімесін тыңдаймыз. Ұлттық тағамдар туралы жан-жақты мәлімет алдық. Сонымен қатар үйімізге бауырсақ пен құрт дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері алып кетеміз. Туған-туыстарым қаты таңғалды, ал оны өз қолыммен пісіргенімді білгенде қуана жейді. Тіпті рецептін сұрап жататындар да бар» деді лагерден алған әсерімен бөліскен 5-сынып оқушысы Айзере Нұрлыбай.





ШАҒЫН КӘСІП ШАҒАРДЫ ТҮЛЕТЕДІ

Астана шаһарында қазір 254 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істеп тұр. Бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 8,3%-ға артық. Жалпы елордадағы кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау туралы Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Сапаров қалалық коммуникациялар қызметіндегі брифинг барысында айтқан еді.

Оның сөзінше, шағын және орта бизнес саласында 528 мың адам жұмыс істейді. Бұл қаладағы еңбекке қабілетті тұрғындардың 73%-ын құрайды. 2023 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 12 мың адамға өскен.

Былтыр ШОБ субъектілері 15,8 трлн теңгеге тауар өндіріп, қызмет көрсеткен. Бұл республика бойынша өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің 19%-ын құрайды. Аталған көрсеткіштерге қол жеткізуге қаржылай және қаржылай емес мемлекеттік қолдау шаралары үлкен үлес қосты.

«2025 жылдың алғашқы бес айында сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бойынша кешенді бірыңғай бағдарлама аясында жалпы сомасы 31725,1 млн теңгені құрайтын 213 жоба, ал несиеге кепілдік беру бойынша 50 жоба 1961,4 млн теңгеге мақұлданды. Сонымен қатар жергілікті «Астана бизнес» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы аясында биыл 3 млрд-қа жуық теңге бөлінеді деп жоспарланып отыр. Осы жылдың 2 шілдесінен бастап сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау және несиелерге ішінара кепілдік беру шеңберіндегі кешенді бірыңғай бағдарламаға өзгерістер енгізілді. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау шағын және микрокәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысатындарға экономиканың басым секторлары (өңдеу өнеркәсібі, білім беру, туризм, денсаулық сақтау және т. б.) аясында ұсынылады» дейді спикер.

Субсидия берілетін кредиттік қаражат инвестициялық мақсаттарға, айналым қаражатын толықтыруға (АҚТ) 3 жылға дейінгі мерзімге және қолданыстағы несиелерді бір жылға дейін қайта қаржыландыруға бағытталуы мүмкін.

Субсидияланатын несиенің ең жоғарғы сомасы – 200 млн теңге. Қарыз алушы үшін түпкілікті мөлшерleme – кемінде 12,3%, ал әлеуметтік кәсіпкерлер үшін – 11,3%. Бұдан бөлек, биыл «Өрлеу» жаңа жеңілдетілген несиелеу бағдарламасын іске қосу жоспарланып отыр. Бұл құрал экономиканың басым секторларына (өңдеу өнеркәсібі, АӨК, көлік, білім беру, медицина және т. б.) кіретін мың, шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған.

«Даму» қорының банктермен келісіміне сәйкес, кәсіпкерлерге кепілдік алу үшін өтінім беру тетігі жеңілдетілді. Яғни банктің қаржыландыру мүмкіндігі туралы оң шешімінен кейін құжаттар пакетін қорға банк өзі жолдайды.

Сонымен қатар өтінімді қарау мерзімі 2 жұмыс күніне дейін қысқарды. Алайда қарсы міндеттемелер де қарастырылған. Атап айтқанда, несие шешімі қабылданған күннен бастап 2 жыл ішінде салық түсімдері мен жұмыс орындарының санын 10%-ға артыту қажет. Сондай-ақ кәсіпкер кепілдік сомасының 1,5%-ын бір реттік комиссия ретінде және жыл сайын қалған кепілдік сомасының үстінен төлеуі тиіс. Яғни комиссия көлемі уақыт өте келе азаяды.

Қазіргі уақытта қала бойынша кепілдік қоры 1 (КҚ1) аясында 79 жоба қолдау тапты.

Кепілдік қоры 2 (КҚ2) аясында инвестициялық және қайта қаржыландыру мақсатындағы кепілдік сомасы 7 млрд теңгеден асады, бірақ жоба құнының 30%-ынан аспауы тиіс. Ал айналым қаражатын толықтыру үшін қаржыландырудың жалпы сомасының 40%-ынан аспауы тиіс. Несиелеу мерзімі 15 жылға дейін есептелген.

КҚ2-де мақсатты бағыттар КҚ1-дегімен бірдей, бірақ салалық шектеулер бар. Сонымен қатар кәсіпкер жобаның жалпы құнының кемінде 20%-ын өз қаражаты (ақша, жылжымалы/жылжымайтын мүлік немесе жобаны іске асыру аясында сатып алынған активтер) есебінен бірлесіп қаржыландыру арқылы растауы тиіс.

КҚ2 аясында несиелерге ғана емес, облигациялар мен опциондарға да кепілдік беруге жол беріледі.

«Жергілікті бюджеттен субсидиялау, кепілдендіру және жеңілдетілген несиелеу «Даму» КҚ1-дегімен бірдей, бірақ салалық шектеулер бар. Сонымен қатар кәсіпкер жобаның жалпы құнының кемінде 20%-ын өз қаражаты (ақша, жылжымалы/жылжымайтын мүлік немесе жобаны іске асыру аясында сатып алынған активтер) есебінен бірлесіп қаржыландыру арқылы растауы тиіс. Несиелеу мерзімі 15 жылға дейін есептелген.

«Еңбек» порталы арқылы жұмыс орнын ашуы және қажетті инфрақұрылым болуы тиіс (немесе құрылуы қажет). Осыған байланысты мемлекеттік гранттар конкурсына қатысу үшін кәсіпкерлер әлеуметтік кәсіпкерлер реестріне енуі керек. Қаржылай емес мемлекеттік қолдау шарасы ретінде әлеуметтік кәсіпкерлердің бірыңғай реестрі жүргізілуде» дейді Қ.Сапаров.

2021 жылдың соңында әлеуметтік бағыттағы ШОБ субъектілерін қолдау мақсатында заңнамалық тұрғыда «әлеуметтік кәсіпкерлік» ұғымы енгізілді. Осыған орай, ҚР Ұлттық экономика министрлігі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің реестрін жүргізу қағидаларын әзірледі.

Осы қағидаларға сәйкес, әлеуетті әлеуметтік кәсіпкерлер 4 санатқа бөлінеді:

1-санат – халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы азаматтарды жұмыспен қамтуды жүзеге асыратындар (кемінде 2 адам, штаттың 50%-ы);

2-санат – халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы азаматтардың өндіретін тауарларын, орындайтын жұмыстарын, көрсететін қызметтерін өткізуге жәрдемдесетіндер;

3-санат – өмірлік шектеулерді жеңуге немесе өтеуге мүмкіндік беретін жағдай жасау мақсатында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған тауарлар өндірумен, қызмет көрсетумен айналысатындар (әлеуметтік-медициналық, психологиялық қызметтер, оңалту және бейімдеу);

4-санат – әлеуметтік салада қызмет көрсететіндер (психологиялық-педагогикалық қызмет, балалардың демалысы мен сауығуын ұйымдастыру, жалпы білім беру, мәдени-ағарту, қоршаған ортаны қорғау).

«2024 жылдың маусым айындағы жағдай бойынша республикадағы барлық әлеуметтік кәсіпкердің (1094) 19,7%-ын құрайтын 215 кәсіпкер реестрге енгізілді. Оның ішінде: 1-санат – 13, 2-санат – 1, 3-санат – 40, 4-санат – 161 кәсіпкер. Бұл реестр кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар конкурсына қатысуға, сондай-ақ «Даму» қоры арқылы 11,3% мөлшерлемен жеңілдетілген несие алуға мүмкіндік береді» деп хабарлады спикер.

«ТАЗАЛЫҚШЫ» КӨЛІКТЕР ҚҰРАСТЫРАДЫ

Әдетте, қала тазалығы – барлығымызға ортақ. Мұны кез келген адам түсінетіні анық. Отырған орнымыз немесе ауламыздан бөлек, көше тазалығын сақтау да үлкен жауапкершілік. Біз білетіндей, тазалыққа жауапты мекемелер адамдармен қатар, түрлі техниканың көмегіне жүгініп жатады. Әрі олардың атқаратын міндеті де әртүрлі. Бірі қыс айында қар тазалайды, тайғақ болдырмау үшін тұзды құм себеді, енді бірі жаз айында жол үстін сыпырып, шаң басу үшін су шашады. Енді бірінің жүгі тіптен ауыр. Айтып отырған көлігіміз қала ішіндегі мөлтек аудандарды тынымсыз шарлап, белгіленген жердегі қоқыс жәшіктерін босатып жатады. Әрі бұл жұмыс күнделікті тынымсыз, тәулік бойы дамылсыз жүре беретінін көбіміз байқай да бермейміз ғой.

Ержан
ҚОЖАС

Италиялық «Iveco» маркасымен белгілі арнайы жүк көліктерін құрастыратын «Stahlbau» ЖШС елімізде 2015 жылдың көктемінен бері жұмыс істейді. Астана қаласы маңындағы №1 индустриялық парктен 4 гектарға жуық жер алып, жұмысын бастаған серіктестік нарыққа ең қажетті машиналар дайындап келеді. Барлық жобалық құны 1,2 млрд теңгені құраған өндіріс орнын арнайы аралағанымызда сапасына да, сырт сұлулығына да көз тойтындай түрлі жүк көлігін көрдік.

Дәл осы «Stahlbau» серіктестігі италиялық «Iveco» компаниясымен бірлесіп отырып, жылына 100-ге жуық дәл осындай «тазалықшы» жүк көліктерін тапсырыспен құрастырып келеді.

«Қоқыс тасуға немесе жалпы тазалыққа арналған жүк көліктерінің барлық бөлшегі, яғни қаңқасы, двигателі,

геніміздей, онысы бояу камерасында сырланып жатыр екен.

«Astra» маркасы да италиялық. Бұл – ауыр жүк таситын көліктер. Жүк көтеру шегі – 30 тонна. Көбіне-көп кен қазуда, құрылыста топырақ, тас тасуға таптырмас техника. Қазір мұндай машиналар еліміздің біршама құрылыс және геологиялық компаниясында бар. Мысалы, солардың бірі – «Қазақмыс» компаниясы.

«Бұл да Италиядан бөлшек түрінде келіп, біздің кәсіпорында толықтай құрастырылады. Тек артқы жүк тиейтін қорабы ғана өзіміздің елде істеледі. Осы №1 индустриялық паркте бірлескен әріптес серіктесіміз бар. Олар Теміртаудағы зауыттан алынған шикізатты бөлшек түрінде формаға келтіріп, өңдеп, бізге табыстаса, біздің жігіттер оны дәнекерлеп, көлік көлеміне сай жүк тиегіш қорап істейді. Артынша қажетті түске бояп, бірден құрастырылған жүк көлігінің үстіне орналастырамыз» дейді зауыттағы құрастыру цехының басқарушысы Мерей Базаркелді.



электрлі жабдықтар – бәрі-бәрі зауытқа келген соң, біздің арнайы мамандар оны қабылдап, құрастыру жұмысын бастайды. Бір жақсысы, зауыттағы жігіттердің басым көпшілігі – әмбебап. Олар көлік құрастырушы да, электрик те, дәнекерлеуші де бола алады. Барлығы – 30 адам бар. Жалпы машина құрастыру бойынша зауыт ішінде 5 пост бар. Әр посттың өзіндік міндеті болады. Бірі – қаңқадан бастап алдыңғы және артқы көпірлерін жинап, жүрістік бөлігін нықтайды. Екіншісінде – пневматикалық және электрлі құрылғылар, ал үшінші постта мотор мен қосалқы жабдықтары орнатылады. Төртіншісінде шанақ жүйеліп, оған қажетті заттардың барлығы бекітіледі» дейді зауыт директоры Максим Сломинский.

Оның айтуынша, бесінші постта құрастырылып болған көлікке қажетті сұйықтықтар (мотор майы, тосол, дизель, т. б.) құйылып, соңғы тексерістен өтеді. Осылайша, қажетті көлік әбден дайын болған соң, зауыт басшылығы тапсырыс берушінің қолына кілт ұсынады.

Айтпақшы, кәсіпорын цехын аралап жүргенімізде өзіміз «самосвал» деп атап кеткен ауыр жүк көлігін көрдік. Еңгезердей әрі қып-қызыл түске боялған «Astra» деп аталатын автомашинаның тек артқы жүк тиегіші жоқ. Кейін біл-

Зауыт өнімдеріне тапсырыс беруші еліміздің әр қаласынан да болып тұрады. Бірақ көбіне-көп Алматы қаласынан жиі сатып алушылар кездеседі. Ал былтыр Жезқазған қаласынан көп тапсырыс түскен.

«Біз тапсырыс берушінің ұсынысына қарай көлікті дайындаймыз. Екіншіден, біз дайын болған қай көлік түрін де өзіміз апарып беріп, барлық жүйесін түсіндіріп береміз. 30 тонналық ауыр жүк көліктерінен бөлек, «Iveco» маркалы қоқыс таситын жүк көліктері де біркелкі болмайды. Кубтық есеппен өлшеніп, 8-ден бастап 20 кубқа дейінгі өлшемдегі қоқыс жинайтын автомашиналар да йындап келеміз. Қар тазалайтын немесе жаздығүні су шашып, жол сыпыратын көліктеріміз де сондай» дейді Мерей Базаркелді.

Цех басқарушысының айтуынша, мамандарға ең оңайы – «Astra» жүк көлігін құрастыру. «Тазалықшы» көліктердегідей көпфункционалды емес, барлығы бірізділікпен әрі тез жиналады.

Бәлкім, мұны сырттан келген бөлшекші құрастыру жаңалық болып па дерсіз. Дегенмен сырт елдің авто саласындағы соны һәм тың жаңалыққа тосырқаймай, оны (брендтік таңбаны) елге әкеліп, өзіміздің жігіттердің бір қолдан нарыққа шығаруы – үлкен еңбек. Мақаламызда да осыны ескерер деген ойдамыз.

Айгул
УАИС

ЖАЗ ЖАЙЛАУЫ ЖОҚ ҚАЛА

Бұрындары қаланың шуынан қашып, табиғаттың аясына асығатындар көктемнен қара күзге дейін күрек-кетпенін сайлап, қаланың шетіндегі алты сотық саяжайына асығатын. Сонда жазғы демалыстарын өткізіп, азғантай өнімін жинап алып, өз қолымен өсірген өнімінің тәттілігін ұнататын. Бұл отбасы бюджетіне едәуір көмек болатын әрі шаһарда көкөніс бағасының шарықтамауына кепіл еді. Қазіргі күнде де саяжайдың өз қолымен өсірген өнімі десе елең ете қаламыз, бағасы қымбат болса да соны қалап тұрамыз. Себебі аз болған соң, жерді тырмалап көкөніс өсіретіндердің сиреп бара жатқандығынан да болар.

Кеңес заманында алты сотықтың әрбір қалалықтарға қолжетімді болуы қарастырылған еді. Арнайы жер телімін бау-бақшалыққа бөліп, су жіберіп, қаладан қатынайтын автобус бағдарын қосып, халықтың қатынауын жеңілдететін. Қазір қарап отырсақ, бұрынғы саяжайы адамның екінші үйі сияқты, қыста адам тұрмайтын, ортақ қарауылға сеніп, қыста алаңдамайтын. Бұл да бір қазіргі шетелдік виллалар, фазенда, қала сыртындағы үйдің бір түріндей көрінеді. Әрине, оларға қарағанда көлемі мен сән-салтанаты кемшіндеу, қалқмған баспанасы бар, бірақ жеке өзінің алты соттығы. Адамның әсіресе қала тұрғынының жерге деген аңсары болса осы саяжай орнын толтыратын. Үйге сыймай отырған балаларына да жер қопартып, картоп салдыратын. Қарап отырсақ, кенттену жағдайда адамның торығы мен күйзелістерін еңсерудің, алыс ауылына жете алмағанның аядай жердегі құт мекені екен.

Алты сотық ауылдан кіндігін ажыратқысы келмейтін



Жердің жайын бір білген кісі болса, ол жазда жайлауда, күзде күзеуде, қыста қыстауда, көктемде көктеулікке көшіп отырған ата-бабаларымыз болар. Кезінде мал-жанның жағдайын жайлады десек те, бұл адам баласына ортақ қажеттілік сияқты. Яғни барша адамзаттың жерге, табиғатқа деген құштарлығының көрінісі болса керек. Әсіресе қысы мен жазы бірдей, төрт қабырғаның ішінде өтетін қалалықтар үшін де маңызды.

қалалықтардың тірлік-тіршілігінің бір сипаты – жерге деген көзқарастың, еңбекке баулу-дың оң тәсілі. Осы үшін де саяжай мәселесін қала әкімшілігінің алдына тартуға болады.

«Алты сотық» бұл өңірде болған, бұрынғы Ақмоланың қазіргі елорданың саяжайларының үстіне қала түсті. Қала шекарасы кеңіп, ауылдар қалаға қосылды. Қала шегінде әлі де саяжайлар қалды, оны «дача» деп атап, қаладағы қат болып тұрған баспанаға айналдырып, жылу жүргізіп, пәтерге беріп, иесіне пайдасын түсіріп тұр. Осылайша алты сотықтың түпкі мағынасы өзгерді. Ендігі жерде көлігі барлар, ба-

ла-шағасын алып өзен-суды жағалап табиғаттың аясында демалса, жаяулары алысқа ұзамай-ақ Ботаникалық бақты жайлайтын болды.

Енді төрт қабырғаға қамалған қала тұрғыны не істеуі керек? Қала сыртында саяжайға лайық жер телімі қалды ма? Ол жерде тұрғын үйге айналдырмай ешқандай құрылыс салмай әрі кетсе құрал-сайман қоятын күрке жасап, саяжайға айналдыра аламыз ба? Мәселе – қап-қап картошка немесе гектарлап пияз егуде емес, гүл егіп, жанға жайлы демалыс орнына айналдырып, арасында маңдайымыз терлеп, балаларымыз бен немерелерімізге

еңбек етудің жолын көрсетсе несі жаман?!

Естеріңізде болар, осыдан бес жыл бұрын індет кезінде қалалықтар қай тесікке барып тығыларын білмей қиналып еді ғой, сол кезде саяжайы барлардың жағдайы басқаға қарағанда жақсы болды.

Саяжайлар ара қашықтығына қарай әртүрлі болып келеді. Қала маңындағылары ең жақыны болып есептеледі, қаладан 250-300 шақырым жердегі жер телімі де демалыс күндері барып-келуге оңай. Алайда одан әрі асып кетсе, екі күндік демалыста жету қиынға түседі. Ал ондай жеке иелікке өтпеген аумақтар қала маңында қал-

ды ма? Бұл – мәселенің екінші жағы.

«Дача» сөзінің өзі немістің «datsche» деген сөзінен шыққан екен. XIX ғасырда Шребер деген неміс дәрігері салауатты өмір салтын қолдап, таза ауада еңбек етудің маңыздылығын өз үлгісімен дәлелдепті.

Бүгінде «шреберлер» тәжірибесі Германияда жалғасып келеді. Бұл алдымен демалыс орны ретінде қарастырылады. Бірақ адам басына үш сотықтан артық жер берілмейді. Оны бау-бақшалық қауымдастыққа кіріп, ақшасына сатып та немесе жалға алуға да болады.

Бірақ бәріне бірдей қойылатын басты талаптар бар. Бар-жоғы аумағы 24 шаршы метрге дейінгі сарайды немесе шағын үйді қоспағанда, учаскелерде күрделі ғимараттар салуға тыйым салынады. Көптеген учаскелерде кез келген тыңайтқыштарды – органикалық та, минералды да қолдануға болмайды. Химиялық тыңайтқыштарды мүлдем қолдануға болмайды. Тыйым салынады, бәрі өсіп келе жатқанда өнсің. Көбінесе қауымдастық қандай өсімдіктерді және тіпті сорттарды отырғызуға болатындығын шешеді. Көкөністер, жемістер мен көгалдар учаскенің дәл 1/3 бөлігін алуы керек, биіктігі 2,5 метрден жоғары ағаштар мүлдем болмауы керек.

Ағылшын саяжайларының көлемі де – 3 сотық. Жер учаскелерінің арасында қоршаулар жоқ. Көбінесе бұл саяжайлар мен көкөніс егетін жер телімдерін муниципалитеттерден жылына 50 фунтқа жалға алынады. 60 жастан асқандар жарты ақысын төлейді. Бұл күнде Ұлыбританияда 300 мың дача учаскелері бар екен.

Дәстүрлі финдік саяжай Мокки деп аталады. Әдетте қызыл түске боялған бұл үй-

лер ормандағы оңаша жерде немесе су жағасында орналасқан. Күн батареяларын орнатпасаңыз, су да, жылу да, жарық та жоқ. Бүкіл елде жарты миллионнан астам осындай релаксация және қоғамнан оқшаулану аймақтары бөлінген. Финляндияның әрбір он тұрғынына – бір мекки. Ол үшін көкөніс бақшасы немесе тұздалған қияр үшін жертөле қажет емес. Бұл – табиғатпен демалуға және араласуға арналған орын. Француздар да өз саяжайларында демалуды жақсы көреді. Қолы жетпегендер жаздықүндері жер телімдерін жалға алады немесе достарына барады. Бірақ бұл жерді қазып, жеміс егуді қарастырмайды, тек ашық ауада белсенді демалуға арналған.

2-3 сотықта орналасқан «Гартенхаус» деп аталатын бау-бақша үйін Австриядан да табуға болады. Алайда ондағы ғимарат 15 шаршы метрден аспауы керек. Елдің кейбір аймақтарында қабылданған заңдарға байланысты бұл сәл артық немесе аз болуы мүмкін. Олар сондай-ақ төбенің биіктігін, канализацияның, су құбырының және электр қуатының болуын арнайы тәртіппен белгілеген.

Бұл елдің тұрғындарының арасында ашық ауада демалу сәнге айналған, қолы жеткендер Альпі тауларында «шале» сатып алуына болады. Дегенмен дачаға арналған дайын мобильді үйшіктер де қолжетімді.

Мұндай мүмкіндіктерді, табиғат аясында қалағанынша демалудың әлемдік тәжірибесі неге астаналықтарды қызықтырмай отыр. Әлде елордалықтарға астанамыздың жаз жайлауы жоқ қала болғаны маңызды ма?! Кешегі кеңес заманында қала іргесіндегі алты сотық жерден алынған өнім – азық-түлік қауіпсіздігінің бір кепілі еді. Осы жағын да естен шығармау керек.

ЕМХАНАДА КЕЗЕК НЕГЕ КӨП?

Қазіргі таңда медицина саласының халыққа қолжетімді болуы – маңызды міндеттің бірі. Дегенмен дәрігердің қабылдауына жазылу үшін ұзақ уақыт күту, сағаттап кезекте тұру көптеген тұрғын үшін қалыпты құбылысқа айналған. «Дәрігердің қабылдауына жазылу қиын», «Сағаттап кезек күту керек» деген пікірлер жиі естіледі. Шынында, медициналық көмекке сұраныс жоғары, ал оның көрсетілуі баяу ма?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша халық санына шаққанда әр 10 мың тұрғынға 25 дәрігерден кем болмауы керек. Биылғы 1 сәуірдегі санақ бойынша Астана қаласындағы халық саны 1551213 адамды құрады. Кезектің көп болуының басты себебі де осы – халық санының өсуі мен медициналық қызметке деген сұраныстың артуы. Мәселен, Астана қаласында 31 емхана бар. Жекеменшік ауруханалар саны қаншама. Былтыр елордада 11,7 миллион рет сырқатқа көмек көрсетілу тіркелген екен. Оның 4,2 миллионы – балалар. Сондай-ақ тұрғындар дәрігерді үйіне 992,5 мың рет шақыртқан.

Қазіргі таңда қала емханалары ауыр жүктемемен жұмыс істейді. Әр емхана орташа есеппен 1,5-2 есе көп тұрғынға қызмет көрсетеді. Мәселен, емханалар жоспар бойынша 11 мың келушіні қабылдауы тиіс болса, шын мәнінде, 22 мыңнан астам адамға қызмет көрсетуде. Астана қаласының әкімдігі осы мәселені шешу

үшін 2025-2027 жылдар аралығында 6 жаңа емхана салуды жоспарлап отыр. Оның ішінде 2 мекеме – мемлекеттік, қалған 4-еуі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынады.

Бүгінде созылмалы сырқаты бар адамдардың саны артты, сәйкесінше уақытылы тексеріс те міндетті болып тұр. Жастар да, қарттар да емханаға баруға мәжбүр. Ал бір дәрігерге жүктеме тым көп. Біреуі – диспансерлік науқастарды, екіншісі – жедел көмек сұрағандарды қабылдайды. Дәрігерлерге бір адамды тексеру үшін 10 минут қана беріледі екен. Бұл 10 минуттың ішінде диагноз қойып, ем жазып, тағы қағаз толтыру керек. Бәріне бірдей үлгеру ақ халаттылар үшін өте қиын.

«Дәрігер алдындағы кезектің көп болуы халық арасында емхана туралы түсініктің дұрыс қалыптаспауынан туындайды. Себебі емхана – кезексіз көмек көрсететін орын емес, жоспарлы түрде тексеріліп, емделетін жер. Халық оны дұрыс түсінбей, алдын ала дәрігерге жазылған науқастармен қоса

жазылмаған науқастарды да қабылдауын талап етеді. Дәрігер алдындағы кезекті азайту үшін алдымен халық өз денсаулығының жауапкершілігін өздері алғанда және сырқаты асқынған кезде емес, жыл сайын тексерістен өтіп, аурудың алдын алған кезде ғана аязды» дейді резидент-невролог Әйгерім Пернебай.

Расында, қазір емханаға жазылу үшін eGov.kz, Damumed қосымшалары бар. Алайда бәрі бірдей оны пайдалана бермейді. Көптеген қарт кісі онлайн-жазылуды білмейді, ал жастар көбіне ыңғайсыз деп есептейді. Сөйтіп, тіркеу бөлімінде ұзын-сонар кезек пайда болады.

«Емханаға барсам, тіркеуде 20 шақты адам отыр. Таңғы 7-де барып кезекке тұрамын. Қабылдауға кіргенше түс болады. Қайда барсаң да, халықтың қарасы қалың. Қарапайым тұмаумен де, созылмалы аурумен де бір жерден кезек күтіп тұрамыз. Қайсысына жетеді дәрігер?» дейді елордалық зейнеткер Салиха Қыдырәлиева.

Бір жағынан, мемлекет те



гін медициналық қызметті ұсынады. Қалалық емханаларда күн сайын жүздеген науқас тіркеледі. Ал дәрігерлер ше? Бірі демалыссыз жұмыс істеп, екіншісі құжаттан бас көтере алмайды. Тұрғындар ашуланады. Бірақ ашу – шыдамсыздықтан емес, үмітсіздіктен. Себебін бәрі біледі – кезек азаймайды. Ауруы асықшып тұрғанда күту өте қиын. Біреуі жұмысынан сұранып барса, біреуі баласы ашыққанша күтеді. Халық үшін бұл – жай ғана жүйке мен уақыт емес, қаржы да. Кейде халық «дәрігер кінәлі» деп айыптайды. Бірақ дәрігердің де күні қарбалас. Бір науқасты тыңдап,

екіншісіне ұмтылған маманның жазығы неде? Қағаз, есеп, онлайн жүйе – бәрі бір адамның мойнында. Дәрігердің бір күндік жүгі кейде үш адамның жұмысымен пара-пар.

«Бір мезгілде екі майданда жұмыс істеп отырмыз. Науқасты тыңдаймыз, қағазды да толтырамыз. Қарапайым есептің өзін бірнеше рет сұрайды. Әрине, халыққа да, бізге де қиын» дейді елордалық дәрігердің бірі Ақбөпе Олжасқызы.

Кейде қарапайым суық тиюді де міндетті түрде дәрігер арқылы емдеуге тырысамыз. Өздігінен емделу мәдениеті, алғашқы жәрдем көрсету шараларын білу әлі де дамып

келеді. Дейтұрғанмен, дәрігердің қабылдауына баруы тиіс науқастардың орнына кезекте жеңіл сырқатпен келген адамдардың саны көп. Қысқасы, «дәрігерге кезек көп» деген мәселе бір күнде шешілетін шаруа емес. Бұл – медицинадағы өзгерісті, халықтың өз жауапкершілігін қажет ететін маңызды мәселе. Дәрігерге жету қиын болмасын десек, мемлекет те, халық та, медицина қызметкерлері де бірлесе жұмыс істеуі қажет.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің студенті

ҰЛЫЛАР ЕЛІНДЕГІ ӘСЕРЛІ ӘНГІМЕ

«Елорда Ақпарат» медиахолдингі ұжымы «Абай жүрген жолдармен» танымдық-тарихи экспедициясымен Семей өңіріне барды. Абайдың 180 жылдығы мен серіктестік құрамындағы қос басылым – «Астана ақшамы» мен «Вечерняя Астана» газеттерінің 35 жылдығына және алдағы БАҚ өкілдерінің мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шара барысында Семей қаласындағы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінде облыстың зиялы қауымы мен әкімдік өкілдері және Ардагерлер кеңесінің ақсақалдарымен кездесу өтті.



Райхан
РАХМЕТОВА

Танымдық сапардың екінші күнінде облыс орталығында өткен жиынға демалыс күні екеніне қарамай жиналған семейлік азаматтар қонақтарға биыл өңірде ұлы ақынның мерейтойына орай аталып өтетін дүбірлі тойға дайындық барысы туралы баяндады. Алыстан ат арылтып, елорда төрінен жеткен меймандарын барыншы ыстық-ықылас, қонақжай көңілімен қарсы алған жергілікті азаматтар жүздесуде жылы сөздерін де аямады. Жиынды ашқан облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының міндетін атқарушы Назерке Мәулетқызы бұл тек мерейтойлық сапар ғана емес, сонымен қатар қазақ руханияты мен ұлттық мұратқа деген шынайы құрметтің белгісі екенін атап өтті. «Elorda Aqparat» ЖШС директоры Олжас Сыдықбек рухани сапар мақсатын айта келе, бұл өтінішке бірден қолдау білдірген Абай облысы әкімдігі мен ішкі саясат басқармасына алғысын білдірді.

– Кітаптан, жыр жолдарынан оқыған тарихи орындарды көзбен көріп, ерекше әсер алдық, көңіліміз толқыды. Бізге жолбасшы болып, ғаламторда Абай атамyz бен оның айналасына қатысты кездеспейтін тың деректерді жеткізген, маржан



сөзбен мағыналы да мәні зор шежірелі тарихтан сыр шерткен Шахжан Бекенұлы ағамыз бен Азамат Қажыбаев бауырымызға мың алғыс. Таңды таңға ұрып Абай жайлы айтудан жалықпайтын, нағыз ұлы тарихтың жеткізушілерінің арқасында сол бір соқтықпалы, соқпақсыз жерлерге, «мыңмен жалғыз алысқан» кезеңге ойша саяхат жасап қайттық, – деді Олжас Дәуренұлы.

«Астана ақшамы» газетінің бас редакторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Қыдыр кейінгі кезде мәртебесі қайта өзгеріп жатқан қазақтың

бір рухани астанасы Семей өңірінің түлеп дамығанына куанышты екенін жеткізді. Сондай-ақ «Астана ақшамы» газетінің елордада бұрын болмаған М.Әуезов ескерткішін ашу туралы мәселе көтеріп, бұған Президенттің өзі назар аударып, соның бой көтеруіне тікелей ықпал еткенін тілге тиек етті.

– Ұлылардың ізі қалған жерге әсіресе елордадан және бүкіл елден жазғы демалыс кезінде балаларды әкеліп, осындай экскурсиялар жиі ұйымдастырылса деп біз үнемі газетіміздің «Білім» бетінде жазамыз. Оның

да сәті келіп, оң өзгерістер болып жатыр. Сонымен қатар кешеден бері аңғарсақ, Семейге үлкен қамқорлық керек екен. Абай облысын көп өзгерістер күтіп тұр. Ұлы ақын дүниеге келген киелі өлке жаңаша келбетке еніп, дәстүрлі жолын сақтай отыра заманауи сипатта дамитын жаңа қалаға айналады деген сенім мол, – деді Еркін Қыдыр.

Облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, журналистика саласының ардагері Мұратқазы Әлин мерейтой аясында атқарылып жатқан істерге тоқталды. «180 жылдыққа 180 іс-шара» деген атаумен әрбір мекеме сан

алуан жұмыс жүргізуде. Қазір жергілікті халық ақынның бұл мерейтойын ерекше өткізуге барын салып жатыр. Өңірдің қоғам қайраткерлері Семей халқы рухының мықтылығымен талай сынақтардан сынбай келе жатқанын жеткізді. Осындай мерейлі шарадан кейін өңір жаңа даму бағытына ие боларына сенім білдірді.

– Өзім Абай атамyzдың 125 жылдығын өткізуге атсалысқанмын. Оның қалай өткені, қандай қонақтар келгені әлі күнге көкейімде сайрап тұр. Осында Абай атамyzдың 100 жылдығына куә болған ақсақалдарымыз да бар. Ғасырлық мерейтой кезінде 8-9 жаста болған, солардың сөзін жазып алу керек. Біздің облыста биыл жыл басында мерейтойды атап өту Абай музейінен басталып кетті, түрлі іс-шара көптеп өтуде, – деді халықаралық «Абай» қорының директоры Отантай Көрібжанұлы.

Белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тыныштықбек Әбдікәкімұлы Абай мен Шәкәрімнің және басқа да өлкенің дана ғұламаларының рухани мұрасын тереңдей түсіну жолында әлі де зерттелмей жатқан тың тақырыптардың шетін шығарды.

– Абай дана дедік, кемеңгер, ойшыл дедік, бірақ тағы бір нәрсе жетіспейді. Абай негізі – пайғамбар. Абайтану ғылымының өзіне ғасырдан асып кетті. Бірақ Абайды шын мәнісінде әлі таныған жоқпыз. Міне, Абайдың күрделілігі қайда жатыр. Абайдың дүниетанымы мистикалық болса, тілі магиялық. Ал Шәкәрім одан әрі ғарышқа кетіп қалған. Ұлттық дүниетаным

шеңберінен шығып кеткен. Мұны неге айтып отырмын? Семей – қай жағынан болса да рухани астана. Ал Түркістан – діни астана деп санаймын. Журналист деген – ол зерттеуші, яғни көргенді ғана жазу бір басқа. Ал індетіп, қазып әр нәрсені, жаңалық тауып жүрген ол журналистиканың басқа қыры. Қарауылтөбеден батысқа қарай жазықта концлагерь болған. Соның орнын анықтау керек. Түйемойнақ деген атауды қайтара алмай келеміз. Ол жерде де зона болған. Абайдың жайлауы, Шыңғыстау зерттелмей жатыр. Осындай зерттейтін мәселелер өте көп, оған енді арнайы уақыт бөліп келу керек. Абай мен Шәкәрім мұрасы – ол бір түпсіз дүние. Оның шығармалары әлі зерттелмеген күйі жатыр, сондықтан мерейтой аясында мың киіз тігу – басты мәселе емес, ғылыми конференциялар өткізіп, соның аясында осы тақырыптарды көтеріп, үлкен ғылыми жұмыстар атқарылуы тиіс, – деді Тыныштықбек Әбдікәкімұлы.

Жиын барысында ғалым, қоғам қайраткері Зейнолла Тоқаев, облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Қайрат Сабырбай, Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледж директоры Шағангүл Жанаева сөз сөйлеп, Абай мен оның мерейтойы туралы өз ойын ортаға салды. Абайлық ағайынға «Астана ақшамы» газетінің Семей өңіріне қатысты мақалалар жарияланған саны таратылды. Абай елінің зиялы қауым өкілдері елордалық журналистерге «Абай арманына», «рухқа» қызмет ету жолында сәттілік пен табыс тіледі.

НАҚТЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазақстанда енгізілген өзгерістердің бірі – «ұлттық» мәртебесін айқындау және спорт федерацияларының халықаралық ұйымдармен байланысын құқықтық тұрғыда реттеу. Бұл – әлемдік тәжірибеге сәйкес маңызды қадам. Мысалы, Франция мен Германияда ұлттық спорт федерациялары үкіметтік аккредитациядан өтіп, өз спорт түрі бойынша жалғыз өкілдікке ие. Мұндай жүйе спорттағы орталықтандырылған басқару мен тәртіпті қамтамасыз етеді.

Жаңа заң аясында енгізілген маңызды өзгерістің бірі – ұлттық мәртебесі бар спорт федерацияларын нақтылау және олардың халықаралық ұйымдармен байланысын құқықтық тұрғыда реттеу.

Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Нұрлан Есембаев: «Енді отандық спортшылар тереңдетілген, кезеңдік және ағымдағы медициналық тексеруден, сондай-ақ кешенді функционалдық тестілеу мен жарыс алдындағы тексеруден өтеді. Тереңдетілген медициналық тексеру спортшының дене бітімінің дамуы, жалпы денсаулық жағдайы, соның ішінде физикалық және функционалдық жай-күйі туралы толық ақпаратты қамтиды. Бұл деректер арнайы медициналық картаға енгізіліп, медициналық ақпараттық жүйеде сақталады» деп түсіндірді.

Мемлекеттік спорт ұйымдарының бірінші басшысын ротациялау алғаш рет заңмен бекітілді. Мұндай тәжірибе Финляндия мен Швецияда кеңінен қолданылады. Яғни спорт ұйымына басшылыққа келу мерзімі шектейді. Бұл тәсіл ашықтық, нәтижелілік және жаңашылдық қағидатын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жаңа заң бойынша инклюзивті спортты дамыту үшін бірінші топтағы мүгедектігі бар спортшымен бірге жүретін тұлғалардың шығынын өтеу нормасы енгізілді. Бұл қадам мүгедектігі бар спортшыларды қолдайтын персоналды мемлекеттік гранттар арқылы қаржыландыруды көздейді. Канада мен Норвегияда осы үлгідегі мемлекеттік қолдау жақсы жолға қойылған.

Қазақстанның жаңа заңнамасында мектеп, колледж, университет

СПОРТ САЛАСЫ БЮДЖЕТТІҢ СҮЛІГІ МЕ?

2025 жылы қабылданған жаңа заң арқылы Қазақстан дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасын едәуір жаңартып, жүйелі реформалардың бастауын жариялады. Дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, спортты басқару мен дамытудағы басты тірек – нақты, бейімделген және серпінді заңнама. Қазақстанның бұл бағыттағы қадамы – отандық спорт жүйесін жаңа сапалық деңгейге көтеруге ниеттенген маңызды бетбұрыс.

спортының мәртебесі айқындалып, спорттық резерв дайындау мәселесі заңмен белгіленді. АҚШ-тың NCAA моделі – жастар спортының тиімді дамуына үлгі бола алады. Бұл модельді Қазақстанда да енгізу, университеттік спортты кәсіби деңгейге көтеру – маңызды стратегиялық мақсаттардың бірі.

Нұрлан Есембаевтің сөзінше, ел бойынша 734 техникалық және кәсіби білім беру ұйымы және 1 миллионнан астам студент оқитын 145 жоғары оқу орны бар, дене шынықтыру сабақтарымен 574 мың студент қамтылған, бұл білім алушылардың жалпы санының 57 пайызын құрайды.

ҚАРЖЫ КӨП, НӘТИЖЕ ЖОҚ

Қазақстанда 100-ге жуық кәсіби спорт клубы тіркелгенімен, олардың басым бөлігі дербес қаржыландыру көзіне ие емес, жергілікті әкімдіктер мен квазимемлекеттік ұйымдардың қаржысынан тәуелді. Бұл жағдай еліміздегі спорттың даму моделінің әлі де мемлекеттік қолдауға тәуелді екенін көрсетеді.

2020-2023 жылдар аралығында Қазақстан құрамасы түрлі спорт түрлерінен 300-ден астам шетелдік спортшыны өз қатарына қосты. Олардың көпшілігі футбол, хоккей, баскетбол, волейбол, күрес және ауыр атлетика сынды спорт түрінде өнер көрсетеді. Премьер-лигада жыл сайын 60-тан астам шетелдік футболшы ойнайды.



Спорт министрлігінің мәліметі бойынша, кейбір спорт түрлерінде ұлттық құраманың 40-60 пайызы шетелдік спортшылардан тұрған-ды. Бұл өз кезегінде ішкі спорт резервінің әлсіреуіне әкеліп соғатыны анық.

Мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиевтің 2022 жылғы мәліметіне сүйенсек, «Astana Qazaqstan Team» велокомандасының жылдық шығыны 4 миллиард теңгені, «Астана» футбол клубының шығыны 4,8 миллиард теңгені, ал баскетбол клубының шығыны 1,2 миллиард теңгені құраған. 2023 жылы бұл көрсеткіштер өсіп, велокомандаға 6 миллиард теңге, футбол клубына 5,3 миллиард теңге, баскетбол клубына 1,3 миллиард теңге бөлінді. 2022 жылы «Барыс» хоккей клубын ұстауға 8

миллиард теңге жұмсалса, бір жылдан кейін квазимемлекеттік сектордан бөлінетін қаржы 8,5 миллиард теңгеге жетті. Алайда ҚХЛ-дің 2022-2023 жылғы маусымында «Барыс» 22 команданың арасында 20-орынды иеленсе, 2023-2024 жылғы маусымда 22-орынға тұрақтады. Бюджеттің қомақтылығына қарамастан, команданың көрсеткіші көңіл көншітпейді.

P.S: *Ендігі міндет – сырттан келетін дайын нәтижеге емес, ішкі әлеуетке сеніп, соны дамыту. Бұл жол – күрделі әрі ұзақ, бірақ тұрақты әрі сенімді. Жаңа заң осындай маңызды бастамаларды жүзеге асыруға берік негіз қалайды. Алайда оның нақты нәтижесі – өзіміздің жауапкершілігіміз бен табандылығымызға байланысты.*

АСТАНАНЫҢ АРҒЫ ТАРИХЫН АҚТАРҒАН

Ұлттық академиялық кітапханада Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жарық көрген «Қараөткел құпиялары» атты зерттеу кітабының таныстырылымы өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Астана күні мерекесіне орайластырған, бас қаланың арғы тарихына бойлататын еңбектің мән-маңызы жайлы іс-шараға қатысқан Парламент депутаттары, Астана қаласы мәслихатының депутаттары мен қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі тарихшы ғалымдар, өлкетанушылар, қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері ой бөлісті.

Іс-шара аясында архив қорынан құралған «Шаһар шежіресі» фотоқұжаттар көрмесі жұрт назарына ұсынылды. Бұл көрме – елорданың қалыптасу тарихын баяндайтын көне фотосуреттер мен құжаттардан құралды. Ал «Қараөткел құпиялары» кітабы Астана қаласы Мемлекеттік архиві ғылыми-әдістемелік кеңесінің ұсынысымен жарық көрді. Авторы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, өлкетанушы ғалым Жамбыл Артықбаев. Кітапта елорданың архив қорында сақталған мол деректер кеңінен пайдаланылды. Еліміздің бас қаласы Астана шаһарының өткенін түгендейтін еңбектердің қатарын

толықтырған бұл кітаптың өлкенің толып жатқан құпияларын ашуға қосар үлесі зор. Сарыарқа төсінде, Есіл мен Нұра арасында орын тепкен елорданың мыңжылдықтарға тамыр тартатын жұмбағын ашуға септігін тигізеді.

Таныстырылымды жүргізген Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп бұл кітапты шығарудағы мақсатқа тоқталды.

«Тиісті ұсыныс түскенде бірінші басымдық ономастика мәселесіне берілді. Қаламызда көшелерге, әртүрлі нысандарға атау береміз. Сол кезде жер-су аттарына қараймыз. Біз, қазір шынын айтқанда, бір жарым-екі ғасыр бұрын болған кейбір жер-су аттарын білмейміз. Мысалы, қалада Ақбұлақ арнасы бар. Соның ежелгі атауы Ащыөзек болған. Оны көп адам біле бермейді. Осындай көшелерге, нысандарға атау

бергенде осы жердің тарихи жер-су атауларын жаңғыртайық деген мақсатты көздедік» деді Сәкен Есіркеп.

Кітап авторы еңбегін таныстыра келе, Қараөткел атауының шығу төркіні туралы айтты. «Кейде біздің тарихшылар Астананың тарихын 1830 жылдан, округ құрылған уақыттан бастағысы келеді. Бұлай болмайды. Оған дейін де Қараөткелде тіршілік қызып, қайнап жатқан. Қараөткел ежелден сауданың қайнаған орталығы болған. Аталған кітап – Қараөткелдің шынайы тарихына жасалған алғашқы қадам» деген Жамбыл Артықбаев бұл өлке тарихына қатысты кезінде «Астана ақшамы» газетінде арнайы айдар ашылғанын, сонда макалаларын жариялап, осы тақырыпқа келгенін айтты. Қаланың тарихи келбетіне қатысты ұсыныстарын жеткізді.

«Шетелге шығып жүрміз. Қазақстан тәуелсіздік алғалы көзіміз ашылды. Әлемнің үлкен шаһарларына барсаңыздар, бәрінде де ескі орталықтар болады. Мәселен, былтыр Бакуге бардым. Бұрын да болған едім. Онда қала тарихына бойлататын ішкері шаһар деген бар. Болашақта

Астанадағы ескі Қараөткелді, бұрынғы керуен сарайдың маңын, бір жағы Сарыарқа, бір жағы Республика даңғылдарын, өзен, Сейфуллин көшесіне дейінгі квадратты ескі шаһар ретінде негіздеу керек деп ойлаймын. Шыны-бетоннан салынған жаңа дүние ешкімге қызықты емес, онымен қызықтыру өте қиын. Ал ескі шаһар жасап қойсақ, қандай әдемі болар еді. Оны көне шаһар немесе көне Қараөткел деп атауға болатын сияқты» деді Жамбыл Артықбаев.

Кітаптың құндылығы туралы Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, Мәжіліс депутаттары Мұқаш Ескендіров, Болат Керімбек, Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, мемлекет және қоғам қайраткері Оразқұл Асанғазы, Ұлттық құрылтай мүшесі, саяси ғылымдар докторы, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар Ғайыпов, Ғылым және жоғары білім министрлігі Мемлекет тарихи институтының директоры, PhD докторы Нұрбек Пұсырманов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Әбсеметов, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ұлттық құрылтай мүшесі, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Кәрімбек Құрманалиев, Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының төрағасы Бауыржан Бабажанұлы, Астана қаласы мәслихатының депутаты Ғабит Тәжімұратов, жазушы, аудармашы, тарих ғылымдарының докторы Тұрсынхан Зәкенұлы пікірлерін айтып, шығармашылық ұжымды, кітап авторын құттықтады. Тарих ғылымдарының кандидаты Амангелді Қашқымбаев авторға сауалдар қойып, ұсыныстарын жеткізді.

«Қараөткел құпиялары» кітабының шығармашылық тобын айта кетсек, жоба авторлары – Есет Байкен, Сәкен Есіркеп. Редакция алқасы – Л.Бимолдин, А.Мұқашқызы, С.Баяхметов. Еңбек «Қараөткел туралы ізденістер», «Есіл-Нұра – екі су», «Ерте заманның ескерткіштері», «Қараөткел тарихы» және «Қараөткелге қанаттас» атты бес тараудан тұрады.

АИТВ-нің алдын алу жолдары

Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) – бұл адамның иммундық жүйесін әлсірететін, яғни ағзаның әртүрлі инфекцияларға, ауруларға қарсы тұру қабілетін төмендететін жұқпалы вирус. Бұл вирус уақыт өте келе емделмесе, ЖИТС (Жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы) атты аса ауыр кезеңге айналуы мүмкін.

Бірақ қазіргі медицинада АИТВ-мен өмір сүретін адамдар ұзақ әрі сапалы өмір сүре алады, себебі тиімді емдеу әдістері бар. Ең бастысы, бұл аурудың алдын алу. АИТВ-нің қалай жұғатынын және қалай қорғану керектігін әр адам білуі керек. Бұл тек өзімізді ғана емес, жақындарымызды да қорғауға көмектеседі.

АИТВ қалай жұғады және қалай жұқпайды?

Көп адамдар АИТВ-ге байланысты түрлі мифтерге сеніп, шындықты білмей жатады. Бұл қоғамда түсінбеушілік пен қорқыныш тудырады.

АИТВ төмендегі жолдармен жұғуы мүмкін:

- Жыныстық қатынас арқылы – қорғаныссыз жыныстық қатынас кезінде (яғни мүшеқап қолданылмаса).
- Қан арқылы – мысалы, стерильді емес ине, шприц қолданғанда (есірткі қолданғанда, кейбір медициналық немесе косметикалық процедуралар кезінде).
- Анадан балаға – жүктілік кезінде, босану кезінде немесе емізу арқылы.
- Қан құю кезінде – егер қан тексерілмеген болса (қазір бұл өте сирек жағдай, себебі барлық қан өнімдері міндетті түрде тексеріледі).

АИТВ төмендегі жолдармен жұқпайды:

- Құшақтасу, қол алысып амандасу;
- Ортақ ыдыс немесе дәретхана пайдалану;
- Бірге тамақтану немесе бассейнге түсу;
- Жөтелу, түшкіру арқылы;
- Масалар немесе басқа жәндіктер арқылы.

АИТВ-тің алдын алудың негізгі жолдары:

- Қауіпсіз жыныстық қатынас АИТВ-нің алдын алудың ең басты жолы – жыныстық қатынаста қауіпсіздік сақтау. Бұл дегеніміз: Жыныстық қатынас кезінде міндетті түрде мүшеқапты қолдану. Мүшеқап – АИТВ мен басқа да жыныстық жолмен берілетін инфекциялардан қорғайтын ең тиімді әдіс. Кездейсоқ жыныстық қатынастан аулақ болу, тек сенімді серіктеспен қатынасқа түсу. Жыныстық жолмен берілетін аурулардан (мысалы, гонорея, хламидиоз) толық емделу – себебі олар ағзаға АИТВ-нің кіруін жеңілдетеді.
- Қан арқылы жұғудың алдын алу Инъекция жасау кезінде тек стерильді, бір реттік құралдарды қолдану керек. Косметикалық процедуралар (мысалы, татуировка, пирсинг, маникюр) тек санитарлық нор-

малар сақталатын жерлерде жасалуы тиіс.

Медициналық мекемелерде қолданылатын қан мен қан өнімдері міндетті түрде АИТВ-ге тексерілуі керек.

3. Жүктілік кезіндегі сақтық шаралары

АИТВ-мен өмір сүретін әйел баласына вирус жұқтырмауы үшін:

Жүктіліктің ерте кезеңінде АИТВ-ге тест тапсыру қажет.

АИТВ расталған жағдайда антиретровирустық терапияны уақытында бастау өте маңызды.

Дәрігердің нұсқаулығына сай босану және баланы жасауды тамақпен қоректендіру – балаға жүгу қаупін мүлдем төмендетеді.

4. Уақтылы тексерілу (АИТВ-ге тест тапсыру)

АИТВ-ге ерікті түрде және құпия түрде тест тапсыру – бұл ұят емес, бұл – ақылды адамның әрекеті. Себебі:

Егер АИТВ ерте кезеңде анықталса, адам уақытында ем қабылдай алады және өзінің де, өзгелердің де денсаулығын қорғай алады.

Қазіргі таңда АИТВ-ге қарсы тиімді дәрілер бар, олар вирусты толық емделмесе де, ағзада оның көбеюін тежеп, адамның иммундық жүйесін сақтап тұрады.

5. Дұрыс ақпарат тарату

Қоғамда АИТВ-ге қатысты теріс көзқарастар мен аңыздар көп. Сондықтан:

АИТВ туралы дұрыс, ғылыми негізделген ақпаратты тарату керек.

Жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, олардың білім деңгейін көтеру маңызды.

АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға стигма мен кемсітушілік көрсетпеу – әр адамның адамгершілік борышы.

АИТВ – бұл үкім емес. Қазіргі кезде АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға ұзақ, белсенді және сапалы өмір сүрде. Бірақ бұл үшін ең бастысы – алдын алу шараларын білу және сақтау. Өз денсаулығына немқұрайлы қарамайтын әр адам:

- қорғаныс құралдарын қолданады,
 - тест тапсырудан қорықпайды,
 - жұқпалы аурулар туралы сауаттылығын арттырады.
- АИТВ-нің алдын алу – бұл тек медициналық мәселе емес, бұл – әлеуметтік және адамгершілік жауапкершілік. Барлығымыз бірге әрекет етсек, бұл іңдеттің таралуын тоқтатуға әбден болады.

А.АХМЕТОВА,
Астана қаласы
әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» эпидемиолог-дәрігері

АҚСЕЛЕУ ТУРНИРИ ТАРТЫСТЫ ӨТТІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында Алаш ардақтысы Ақселеу Сейдімбекті еске алуға арналған дәстүрлі XIV бильярд турнирін өткізді.

Турнирдің ашылу салтанатында сөз сөйлеген Ақселеу Сейдімбектің шәкірті, рухани інісі, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев естеліктерді айта келе, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықовпен ақылдасып, аталмыш министрлік биыл Ақаңның артында қалған мұраларын зерттеп-зерделеуге байланысты жұмыстарды бастап кеткенін жеткізді. Атап айтқанда, Ақселеу Сланұлының әндері мен шығармалары, журналистикадағы еңбектеріне ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, республикалық байқау-конкурстар өткізу жоспарланған.

Осы университеттің Журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры Қайрат Сақтың айтуынша, турнирдің биылғы ерекшелігі, жастар мен ақсақалдар бір



топқа біріктірілді. Тек қана аға буын қаламгерлерге жеңілдік жасалды. 40-60 жастағыларға бір шар, ал 60 жастан асқан-дарға 2 шар жеңілдік берілді.

Елуге жуық қаламгер қа-

тысқан турнир қорытындысында белгілі ақын, АЛЖИР музейінің директоры Дәулеткерей Көпұлы I орынды, журналист, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің аппарат басшысы

Нұрділда Ораз II орынды, ал III орынды ақын Ұларбек Нұрғалымұлы иеленді.

Турнир ұйымдастырушылар биыл белгілі қаламгерлер атындағы жүлделер тағайындады. Оралхан Бөкей атындағы жүлде Сәдібек Түтелге, Кәрібай Ахметбеков атындағы жүлде Кәрімбек Құрманалиевке, Ақселеу Сейдімбек атындағы жүлде Нұртөре Жүсіпке, Серік Әбдірайымұлы атындағы жүлде Дархан Мыңбайға, Қуанышбай Құрманғалиев атындағы жүлде Қойшыбай Есентаевқа берілді.

Бұған қоса, «Ең сыйлы бильярдшы» жүлдесін Қойшыбағра Салғараұлы, «Ең мәдениетті бильярдшы» жүлдесін Төлен Әбдік, «Ең шебер бильярдшы» жүлдесін Алтынбек Нұхұлы, «Ең мерген бильярдшы» жүлдесін Әлімжан Сабыржанұлы, «Ең шапшаң бильярдшы» жүлдесін Шархан Қазығұлов, «Техникасы мықты тастаяншы» жүлдесін Марат Манасбаев, «Ешкімнің көңілін жықпаған бильярдшы» жүлдесін Қайрат Мұсақұлов алды.



БІР КЕШТЕ – 80 ШЫҒАРМА

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының «Қорқыт» дәстүрлі саз тобы өзінің 10 жылдық мерейтойына орай ерекше музыкалық марафон өткізді. «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығында өткен кеште өнер ұжымды үздіксіз 80 музыкалық шығарма орындап, жаңа әлемдік рекорд орнатты.

Бұл жетістік Global Book of Records (GBR) халықаралық ұйымы тарапынан ресми түрде тіркелді. Топтың көркемдік жетекшісі, ҚР Мәдениет қайраткері Шолпан Қорғанбек мәдени шара қазақтың дәстүрлі музыкасын халықаралық деңгейде кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылғанын атап өтті.

Кеш барысында «Қорқыт» дәстүрлі саз тобы дәстүрлі күйлермен қатар, заманауи және шетел композиторларының шығармаларын да орындады. Олар барлық шығармаларды үзіліссіз орындап, ұлттық музыка өнерінің кең ауқымын көрсетті. Концертте домбыра, қобыз, шертер, жетіген, сыбызғы, сазсырнай,

дауылпаз сияқты қазақтың ұлттық аспаптары әуеледі.

Қазақстан рекордтар кітабының ресми өкілі Қуандық Құдайбергеновтің айтуынша, «Қорқыт» бұған дейін 75 шығарма орындап, Қазақстанның Гиннес рекордтар кітабына енген.

«Әлемде музыкалық композицияларды тоқтамай 24 сағат орындаған өнер ұжымдары бар. «Қорқыт» тобы осыдан 6 жыл бұрын 75 шығарманы 4 сағатқа жетпей орындап, Қазақстанның Гиннес рекордтар кітабына енген еді. Бүгін ол рекордты жаңартты. Негізі комиссия құрамында 8 адам болды. Олардың бірқатары Мумбай және Дубай қаласында, сондықтан да біз оларға мәліметтерді жіберіп отырдық. Ал

осы жерде Белоруссиядан келген маман және де Қазақстаннан екі сарапшы бақылады. Біз шығармаларды орындау уақытын шектеген жоқпыз. Тек қана шығарманы орындағаннан кейін келесі шығарманы орындау үшін аспаптарды реттеуге рұқсат берілді» деді Қуандық Құдайбергенов.

«Қорқыт» ансамблі кәсіби музыканттардан құралған және бірнеше ұлттық аспапты шебер меңгерген бірегей ұжым болып табылады. Концертте домбыра, қобыз, шертер, жетіген, сыбызғы, сазсырнай, дауылпаз сияқты қазақтың ұлттық аспаптары кеңінен қолданылды.

Айман НЫҒМЕТ

БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ БАП ПЕН БАҚ СЫНАДЫ

Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен алғаш рет БАҚ қызметкерлерінің спартакиадасы ұйымдастырылды.



«Alpha Gym» спорт кешеніндегі спорттық бәсеке «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында өтіп, 100-ге жуық журналистер ләңгі тебу, бес асық, асық ату, волейболдан жүлдені сарапқа салды.

Іс-шараның марапаттау рәсіміне Астана қаласының Дене шынықтыру

және спорт басқармасы басшысының орынбасары Азамат Ағзамов, қалалық Коммуникациялар қызметінің басшысы Абзал Досыман және елордалық спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясының басшысы Азамат Белгібаев қатысып, спартакиада жүлдегерлерін марапаттады.

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

КОНКУРДАН КІМ ЖЕҢІМПАЗ?

Елордада 20-22 маусым күндері өткен еліміздің ат спорты күнтізбесіндегі маңызды жарыстардың бірі – конкурдан Қазақстан Республикасының кубогы аяқталды.

Жарысқа Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен Алматы облысынан 30-дан астам спортшы қатысып, 120-дан 145 см-ге дейінгі алты бағытта өз шеберліктерін көрсетті.

Үшкүндік жарыстың абсолютті жеңімпаздары:

В тобы: 1-орын – Бекжан Байжанұлы – Кинг Диаманд; 2-орын – Нұрила Тұрысбекова – Цендер де Реве; 3-орын – Жасұлан Байтаев – Кәшмәйкер және Малика Серік – Микадо.

А тобы: 1-орын – Нұрила Тұрысбекова – Кю Бель; 2-орын – Ислам Исламов – Скарто II.

Жыл сайын ұйымдастырылатын бұл кезең спортшылардың шеберлік деңгейін арттырып, мықтыларды анықтауға ықпал етеді. Сонымен қатар, ұлттық құрамаға іріктеу кезеңдерінің маңызды бөлігі болып саналады.

Қазақстан кубогының жүлде қоры – 2 миллион теңгені құрады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктар, дипломдар және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Сабина КӘКІМЖАН



ЖАСЫЛ БЕЛДЕУДЕГІ ВЕЛОШЕРУ

Елорда маңындағы «Жасыл белдеу» саябағында бұқаралық велошеру өтті.

Қосшы бағыты бойынша айналма веложолдан Үркер тұрғын алабының саябағына дейінгі 25 шақырым қашықтықты еңсеруге 7 жастан бастап, 70 жасқа дейінгі 500-ге жуық қала тұрғыны жиналды.

«Бұл – жарыс емес. Қатысушылар таза ауада серуендеп, табиғатымызды аяласа жеткілікті. Әуесқой спортшыларымыз мәреге жеткен соң, бірден тарап кетпей, экологиялық акцияға үлес қосты. Енді қала күніне орай тағы да велошеруді ұйымдастыру жоспарымызда бар» деді Астана қаласы әкімдігінің Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Ержігіт Усербай.

Велошерушілердің бірі «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» мүшесі Найля Оразбаева алғаш рет спорттық

шараға қатысып, лотореяда велосипед ұтып алды.

«Біздің өзіміздің WhatsApp чатымыз бар. Жұма күні танысымыз тобымызға қалалық велошеру өтетіні жайлы ақпаратты бөлісті. Өзімде велосипед жоқ болса да, көршімнен сұрап алып, қатыстым. Бастысы – ниеттің болуы. Келгенімнің арқасында су жаңа велосипедке ие болдым. Өзім қатты таңғалдым. Мүлдем күтпедім. Енді өзімнің велосипедіммен қаланың әсем жерлерін көріп, белсенділігімді жалғастыра беремін» деді Найля Оразбаева толқынысын жасыра алмай.

Іс-шара соңында қатысушылар арасында лоторея арқылы 10 велосипед және 10 қорғаныш бас киімі ойнатылды.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 73
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

✉️ Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Ержан ҚОЖАС